

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 11 ақпан N 149

Инженерлік және техникалық мамандықтар бойынша жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беруді одан әрі жетілдіру және ерекше мәртебесі бар мемлекеттік жоғары оқу орнының ғылыми-педагогикалық және зияткерлік әлеуетін, материалдық-техникалық базасы мен инновациялық білім беру технологияларын неғұрлым тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қайта құру жолымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорынның жарғысын бекітуді және оны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*